

"Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі" мемлекеттік мекемесін "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы" акционерлік қоғамына қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1774 Қаулысы
1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 45-бабының 1-бөлігіне және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» мемлекеттік мекемесі қайта құру жолымен оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы болып (бұдан әрі – қоғам) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоғам арнайы экономикалық аймақты басқару органы болып айқындалсын.

3. Қоғам қызметінің негізгі мәні болып мыналар айқындалсын:

1) арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл;

2) қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға инфрақұрылым объектілерін жалға (қосалқы жалға) беру;

3) қызметті жүзеге асыру туралы шарттарды жасасу және бұзу;

4) арнайы экономикалық аймаққа қатысушылардың жыл сайынғы есептерінің негізінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен арнайы экономикалық аймақ қызметінің нәтижелері туралы есептілікті уәкілетті органға беру;

5) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларын тарту;
6) инфрақұрылым объектілерін салу және арнайы экономикалық аймағының өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

7) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына берілмеген жер учаскелерінде бекітілген техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес инфрақұрылым объектілерін салуды жүзеге асыру;

8) халыққа қызмет көрсету орталығының «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеу үшін қабылдау орнын ұйымдастыру;

9) арнайы экономикалық аймақты құру мақсатына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың нақты тұтынылуын растау;

10) қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторинг

ж ү р г і з у .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) қоғамның жарғысын бекітуді және оны әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді ;

2) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын беруді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1774 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

«Атырау облысы» бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 145-4-жолмен толықтырылсын:

«145-4. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы»;

2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық

министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі» деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-6-жолмен толықтырылсын:

«20-6. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы».

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**

4. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде» деген реттік нөмірі 14-жолдағы:

«162» деген сандар «152» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде» деген жолдағы:

«26» деген сандар «16» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі» 10» деген жол алынып тасталсын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 994 қаулысымен.**